

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

"Міндетті жинақтаушы және аралас зейнетақы жүйелерін дамыту келешегі"

атты жоғары деңгейдегі халықаралық дөңгелек үстел бағдарламасына аңдатпа

2023 жылғы 28 қыркүйекте "Міндетті жинақтаушы және аралас зейнетақы жүйелерін дамыту келешегі" атты жоғары деңгейдегі халықаралық дөңгелек үстел зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы өзекті мәселелерді талқылау үшін шетелдік жетекші сарапшылардың басын біріктіреді.

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 25 жылдығына арналған іс-шаралар күнтізбесі шеңберінде жоспарланған дөңгелек үстелді Қазақстанның Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығымен (ХӘҚҚ) ынтымақтастықта ұйымдастырды.

Конференцияға қатысушылар алдында құрметті қонақтар, ең танымал халықаралық және қазақстандық сарапшылар, саясаттанушылар мен экономистер сөз алып, баяндама жасайды.

Конференцияны мына лауазымды тұлғалар ашады:

ХӘҚҚ Президенті Доктор Мохаммед Азман, (Куала-Лумпур, Малайзия) күн тәртібімен таныстырады;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне шолу жасайды;

Қазақстан Ұлттық банкінің төрағасы Тимур Сүлейменов Қазақстандағы зейнетақымен қамсыздандырудың қаржылық тұрақтылығы мен лайықтылығының негізгі сын-қатерлері туралы баяндама жасайды;

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова "Қазақстанның қаржы нарығын дамытудағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің рөлі мен әсері" туралы баяндама жасайды;

Еуразиялық экономикалық комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (министр) Бақытжан Сағынтаев Еуразиялық экономикалық одақтың интеграциялық кеңістігінде зейнетақымен қамсыздандыру туралы баяндама жасайды;

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы Елена Бахмутова жинақтаушы зейнетақы жүйесі шеңберіндегі қаржы нарығына қатысушылар үшін сын қатерлер мен келешек туралы баяндайды;

Дөңгелек үстелдің бірінші бөлігін "БЖЗҚ" АҚ Басқармасының төрағасы Жанат Құрманов іс-шараға қатысушыларға құттықтау сөзін арнап, "Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі: ағымдағы жай-күйі және даму келешегі" тақырыбындағы баяндамасымен аяқтайды.

Дөңгелек үстелдің "Халықтың қартаюы және зейнетақы реформасы" атты бірінші панельдік сессиясында қатысушылар өзара пікір алмасады және зейнетақы жүйелерінің тиімділігін және оларды реформалаудың тарихи тәжірибесін бағалау, тұрақты зейнетақы жүйелері мен әлеуметтік қорғау жүйелерін құру үшін әлеуметтік қамсыздандырудың халықаралық стандарттарының әлеуетін пайдалану, әлемдегі үздік зейнетақы жүйелерінің тәжірибесі, олардың даму келешегі және т. б. мәселелер бойынша баяндамалар жасайды.

Секцияны қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесі сәулетшілерінің бірі Григорий Марченко жүргізеді. Сессияда Дүниежүзілік банктің әлеуметтік қорғау жөніндегі аға маманы Химанши Джейн, ХЕҰ Әлеуметтік қорғау департаментінің әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заң мәселелері жөніндегі маманы Крум Марков (Женева, Швейцария), ХӘҚҚ Еуразия бойынша өңірлік үйлестірушісі Дмитрий Карасев (Женева, Швейцария), FIAP Президенті Гильермо Артур (Сантьяго, Чили), Mercer аға серіктесі, доктор Дэвид Нокс (Мельбурн, Австралия), Greycells Президенті, доктор Алехандро Бонилла-Гарсия (Женева, Швейцария) сөз сөйлейді.

"Халықты қамту және ақпараттандыру" тақырыбындағы екінші сессияның модераторы – зейнетақы реформасын әзірлеушілердің бірі және оны іске асырудың белсенді қатысушысы болған мемлекет қайраткері, белгілі қазақстандық қаржыгер, "Қазақстан халқына" ҚӘҚ төрағасы Болат Жәмішев. Сессияда әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелерімен қамтуды кеңейту жөніндегі стратегиялық шешімдер, зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы хабардар болу мен қаржылық сауаттылықты арттыру тәсілдері, қаржылық сауаттылық деңгейін зерттеу және т. б. талқыланады.

Сессияның спикерлері: ХӘҚҚ Әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту департаментінің аға жоба менеджері Гийом Фийон (Женева, Швейцария), Еврей университетінің өкілі, доктор Эбигейл Гурвиц (Иерусалим, Израиль), Allianz SE аға экономисі, доктор Микаэлла Грим (Мюнхен, Германия), Уругвайдың Әлеуметтік қамсыздандыру банкі директорының мүшесі Ариель Феррари (Монтевидео Уругвай), ЭЫДҰ қаржылық білім басқармасының талдаушысы Соня Лалаян (Париж, Франция).

Қазақстандағы зейнетақы жүйесі реформасы авторларының бірі және Премьер-Министрдің орынбасары ретінде оның ең қиын алғашқы жылдары қалыптасуына жетекшілік еткен қазақстандық экономист, басқарушы және мемлекет қайраткері Ораз Жандосов **"Инвестициялық стратегиялар, тәуекелдерді басқару және қадағалауды реттеу" тақырыбындағы үшінші панельдік сессияның** модераторы болады. Сессия шеңберінде тәуекелдерді басқару жөніндегі жаһандық зерттеу, зейнетақы қорларының қызметін реттеу мен қадағалау саласындағы қазіргі заманға сай стандарттар мен трендтер, әлеуметтік қамсыздандыру жүйелеріндегі активтерді басқару үшін ұзақ мерзімді инвестициялық стратегиялар, зейнетақы қорларының инвестициялық қызметінің халықаралық тәжірибесі мәселелері талқыланады. Спикерлер: серіктес, KPMG жалпы ұйымдық тәуекелдерді басқару жөніндегі ұлттық басшы Эдуард Бертен-Муро (Торонто, Канада), IOPS Президенті Амброджио Ринальди (Рим, Италия), Nassana инвестициялық компаниясының аға кеңесшісі, Бас ұйым Төрағасының әлеуметтік сақтандыру жөніндегі бұрынғы көмекшісі, доктор Пол Суитинг (Эр-Рияд, Сауд Арабиясы), ҚХР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік сақтандыру қорын реттеу бюросының бас директоры Сяоли Танг (Пекин, Қытай).

"Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелерінің болашағы: даму келешегі мен негізгі драйверлері" тақырыбындағы панельдік сессияны зейнетақы реформасының бастауында тұрған қазақстандық қаржыгер және банкир Әнуар Сәйденов жүргізеді. Сессияда қазіргі заманның ең өзекті тақырыптары талқыланады: әлеуметтік қамсыздандыру мекемелеріндегі клиентке бағдарланған дизайн және икемді әдіснамалар, зейнетақы жоспарларын басқаруды цифрландыру, жасанды интеллект, зейнетақыны жоспарлауда қаржылық робот-кеңесшілер технологиясын қолдану.

Сессия шеңберінде мына спикерлер сөз сөйлейді: ХӘҚҚ Әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту департаментінің директоры Рауль Ружья-Фрик (Женева, Швейцария), Міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесін қадағалау агенттігінің атқарушы директоры Эрик Ченг (Гонконг, Қытай), тәуелсіз сарапшы Брайан Ли-Арчер (Канберра, Австралия), Amundi инвестициялық зерттеулер мен академиялық серіктестіктің басшысы, доктор Мари Бриер (Париж, Франция).

Конференцияда зейнетақымен қамсыздандыру саласының бүкіл әлем бойынша маңыздылығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесінің одан әрі дамуына мән берілетін өзекті тақырыптар бойынша 26 баяндама жасалады.

Дөңгелек үстел бағдарламасымен, сондай-ақ, оның қатысушылары және спикерлерімен мына сілтеме бойынша БЖЗҚ-ның enpf.kz сайтынан танысуға болады:

<https://pension-conference2023.enpf.kz/program>

Конференцияға онлайн режимінде қатысу үшін тіркелу enpf.kz сайтында мына сілтеме бойынша ашық:

<https://pension-conference2023.enpf.kz/>

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БАС АҚПАРАТТЫҚ СЕРІКТЕС

**atameken
business**

АҚПАРАТТЫҚ СЕРІКТЕСТЕР

Деловой Казахстан
РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

**inform
buro**

LS
LSM.KZ

zakon.kz
новости, которым доверяют

25

ПАРАГРАФ
ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ

KURSIV